

✓ **6 қазан**
6 октябрь

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

РЕФЕРЕНДУМ

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!



Т *Үлгі болашағы өз қолымызда!* **Талдықорған**

12+

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



№37 (1827) Жұма, 13-қыркүйек 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

БАЛА ТӘРБИЕСІ – БАРШАҒА ОРТАҚ



Премьер-Министр Олжас Бектенов ішкі істер министрінің, облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдерінің, сондай-ақ Қаржы мониторингі, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттіктері төрағаларының қатысуымен ҚР Үкіметі жанындағы Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомстваралық комиссияның отырысын өткізді.

Күн тәртібінде көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі де қаралды.

Көмелетке толмағандардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік заң жүзінде қатаңдатылды. Атап айтқанда, татуласу алынып тасталды, көмелетке толмағандарды зорлағаны үшін тек өмір бойына бас бостандығынан айыру қарастырылған (бұрын – 20 жыл бас бостандығынан айыру). Жыныстық зорлық-зомбылық және суицидті насихаттау үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл шеңберінде балалар арасында қорқытудың және буллингтің алдын алу жөніндегі шаралар күшейтілді. Қорқыту, буллинг пен кибербуллингтің құрбаны болған көмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесі қабылданды.

Биылғы оқу жылында еліміздің 110 мектебінде Зияткерлік мектептермен бірлесе отырып, буллингке қарсы Kiva пилоттық бағдарламалары, сондай-ақ 50

мектепте «ДосболLike» бағдарламасы іске қосылды. Нәтижесі бойынша бағдарламаларды басқа мектептерге енгізу туралы шешім қабылданады. Биыл бала тәрбиесі бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін 70 қылмыстық іс қозғалған. Балалардың түнгі уақытта үйден тыс жерде болғаны үшін 84 мыңнан астам ата-ана жауапқа тартылды. Осыған байланысты 6,5 мың мектепте ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары ашылды. Сынып жетекшілері рөлінің маңыздылығын ескере отырып, мұғалімге сынып жетекшілігі үшін төленетін қосымша ақы мөлшерін арттыру мүмкіндігі пысықталып жатыр.

Премьер-Министр Олжас Бектенов көмелетке толмағандар арасындағы қылмыс деңгейін одан әрі төмендету бойынша қосымша шаралар кешенін әзірлеуді тапсырды. Қажетті қолдауға мұқтаж отбасыларды анықтау шараларын күшейту үшін отбасының цифрлық картасының функционалдығын кеңейту тапсырылды.

Отырысты қорытындылай келе, Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Жолдауда азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді стратегиялық басымдықпен айқындағанын атап өтті. Үкімет қазақстандықтардың жайлы әрі қауіпсіз өмірін қамтамасыз ету үшін жұмысты күшейту мақсатында барлық шараларды қабылдайтын болады. Ішкі істер министрлігіне күш-жігерді шоғырландыру бойынша жаңа тәсілдерді іске асыру және құқық бұзушылықтардың алдын алудың жаңа әрі тиімді жүйесін құру тапсырылды.

Үкімет. Қз.

(Қысқартылып алынды)

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

АЭС ЕЛДІҢ ДАМУЫНА МУЛЬТИПЛИКАТИВТІК ӘСЕР ЕТЕДІ

АЭС салуды қолдау жөніндегі Жетісу облыстық Халықтық штаб мүшелері бірқатар нысанда және сауда орталықтарында тұрғындармен кездесіп, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Іс-шара барысында Қазақстандағы атом энергетикасын дамыту перспективалары және алдағы 6 қазанда өтетін референдумда дұрыс шешім қабылдаудың маңызы талқыланды.

Үгіт-насихат кездесу барысында штаб мүшелері «АЭС салу – бір күннің мәселесі емес. Жобаны іске асыру бірнеше жыл уақытты алады. Қазіргі қолға алынып жатқан істер, ең алдымен, экономикасы дамыған, болашағы зор мемлекетте өмір сүру үшін жасалып жатыр. Сондықтан алдағы референдумда АЭС салуға қолдау көрсетіп, өз болашақтарыңыз үшін дұрыс таңдау жасауларыңыз қажет» - деп атап өтті. «Атом қуаты – адам игілігі. Қазір дамыған және дамушы елдерде 200-ге жуық атом электр стансасы жұмыс жасап тұр. Бұл ең алдымен энергетикалық тәуелділіктен құтқарады және жаңа жұмыс орындарының санын арттырады. Ел игілігі жолындағы батыл қадам бізде де іске асуы керек деп есептеймін», - деді кездесу барысында Халықтық штаб мүшесі Болат Сериев. Атом электр станциясы жобасы мыңдаған жұмыс орындарын ашып, станция орналасқан аймақта инфрақұрылымның дамуын ынталандырады. Атом энергетикасы ұзақ мерзімді перспективада электр энергиясының тұрақты бағасын қамтамасыз етеді. Бұл, әсіресе, өнеркәсіпті дамыту және Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін маңызды. Олжас Ибраимов, Қазақстан Халық партиясының Жетісу облыстық филиалы төрағасының міндетін атқарушы: «Электр энергияның тұрақты және қолжетімді тарифтері өндірістегі тиімсіз үстеме шығындарды азайтуға ықпал етеді. АЭС салу елдің дамуына мультипликативтік әсер етеді. Техникалық жағынан меншікті отын базасының өлеуетін кешенді пайдалану, 60 жылдан астам уақыт бойы тұтынушыларды сенімді энергиямен қамтамасыз ету, экологиялық тұрғыдан парниктік газ шығындыларын жылына 10 млн тоннаға дейін азайту, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану сынды оң ықпалы болмақ».

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу кезеңінде сайлау учаскелерінің мекенжайлары мен нөмірлерін тексеру үшін Call-орталығы



Call-центр для проверки адресов и номеров избирательных участков в период проведения республиканского референдума 6 октября 2024 года

Талдықорған қаласы бойынша **8 (7282) 40-20-31, 8 (7282) 40-20-30** бірыңғай нөмірі бар Call-орталық іске қосылды, ол арқылы 2024 жылғы 6 қазанда өтетін республикалық референдумда дауыс беруге арналған сайлау учаскесінің мекенжайы мен нөмірін тексеруге болады.

Call-орталық дүйсенбі және жұма күндері сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін жұмыс істейді, түсікі үзіліс уақыты 13.00-ден 14.30-ға дейін.

В городе Талдықорған запущен Call-центр с едиными номерами **8 (7282) 40-20-31, 8 (7282) 40-20-30**, посредством которого можно проверить адрес и номер избирательного участка для голосования на республиканском референдуме 6 октября 2024 года.

Время работы Call-центра с понедельника по пятницу с 9.00 до 18.30 часов, обеденные перерывы – с 13.00 до 14.30.

ОРТАҚ МҮДДЕ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ АКТИВІ
ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Жетісу облыс активінің жиыны өтіп, онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын іске асыру жайы талқыланды.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың төрағалығымен өткен жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, мәслихат депутаттары, құқық қорғау органдарының, департаменттердің, басқармалардың, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың басшылары, аудандар мен қалалардың әкімдері, облыс әкімі аппаратының қызметкерлері қатысты.

Бейбіт Исабаев Жолдауда атап көрсетілген 9 нақты міндетке жеке-жеке тоқтала отырып, осы басым бағыттарды іске асыруға қатысты жергілікті деңгейде қабылдануы тиіс шараларға ерекше назар аударды. Өңір басшысы облыс экономикасына, соның ішінде агроөнеркәсіптік кешенге инвестицияларды белсенді тарту қажеттігіне айрықша тоқталып, сала басшыларына ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру, түрлі дақылдар өсіретін орталық ашу, суару жүйелерін жаңғырту және ылғал үнемдейтін технологияларды пайдалану аясын кеңейту бойынша нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Сонымен қатар спикер қазіргі кезде өңірде жергілікті кәсіпорындардың жүктеме-сін қамтамасыз ету жұмыстарында оң нәтижелер бар екенін атап өтті. Мәселен, «Достық-Мойынты» теміржол желісін салу жобасын іске асыру барысында жергілікті «Талдықорғанкабель», «АСПМК-519» темір бетон кәсіпорны, «Айсұлу» тігін фабрикасы өз өнімдерін жеткізетін болады, яғни аталған кәсіпорындармен жалпы 5 млрд. теңгеден асатын сомаға келісімшарттар жасалған. Сондай-ақ көрсетілетін мемлекеттік қолдау-

ды ескере отырып, облыстың ірі кәсіпорындарының айналасында аралас өндірістер ашу мәселесін қарастыру керек.

– Мәселен, Кербұлақ ауданында жаңа ірі инвестициялық жоба – мыс комбинаты салына бастады. Оның құрылысына өзіміздің өңірде өндірілген материалдардың пайдаланылуына назар аударуымыз керек. Сөйтіп біз жергілікті мазмұнның үлесін арттыра түсеміз. Бұл ретте кадр мәселесі де маңызды. Президент 2025 жылды жұмысшы мамандығының жылы деп жариялағанын білесіздер. Ең алдымен, технологтар, су мамандары, білікті құрылысшылар, энергетиктер және басқа да сала кадрларының тапшылығын азайту, жұмысшы кәсібінің имиджін көтеру шараларын қабылдауымыз қажет, – деді Б. Исабаев.

Осы орайда «Жетісу облысының жаңа мамандықтар атласын» өзектендіру, еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа жұмысшы мамандықтарды ашу ісін жалғастыру тапсырылды. Еске салсақ, оқу жылының басынан бері өңірдің 11 колледжінде 13 жаңа мамандық ашылған.

Бейбіт Исабаев өзекті инфрақұрылымдық проблемаларды, соның ішінде энергетика және коммуналдық салалардағы туындаған мәселелерді шешу үшін қажетті шаралар қабылдау жайына егжей-тегжейлі тоқталды. Сол қатарда газдандыру, көлік-логистика саласын дамыту мәселелері де талқыланды.

Жиында әлеуметтік инфрақұрылымды, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру



және спорт салаларын дамыту жайы да назардан тыс қалған жоқ.

– Мемлекет басшысы айтқандай, бұқаралық спортсыз дені сау жастарды тәрбиелеу және бүкіл ұлттың денсаулығын нығайтуға қол жеткізу мүмкін емес. Біздің облыста спортпен жүйелі түрде айналысатын тұрғындардың үлесі 39%-ға дейін өсті. Спорт мекемелерінің желісін одан әрі кеңейтуге назар аударылып келеді. Биыл 3,7 млрд. теңгеге 9 спорт нысаны салынып жатыр. Осы орайда іске қосу жоспарланған спорт нысандарының құрылысы мерзімінде әрі сапалы аяқталуы тиіс, – деді Б. Исабаев.

Жауапты тұлғаларға экологиялық жағдайды жақсартуға және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды насихаттауға бағытталған шараларды одан әрі жалғастыру туралы тапсырма берілді. Жалпы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына өңірдің 173 мыңнан астам тұрғыны қатысқан. Облыста орман алқаптарының аумағын

ұлғайту үшін биыл 2 млн. данадан астам ағаш отырғызылды.

Сөзінің соңында облыс әкімі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жергілікті жерлерде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мәселелеріне тоқталып, азаматтардың етініштерімен жұмыс істеу барлық деңгейдегі басшылардың жеке бақылауында болуы тиіс екенін айрықша атап өтті. Облыста Жолдауды жүзеге асыруға арналған іс-қимыл жоспары әзірленуде, онда айқын міндеттер және олардың нақты орындалу мерзімі белгіленді.

– Алдымызда жұмысты одан әрі жалғастырып, Мемлекет басшысының тапсырмаларын нәтижелі жүзеге асыру міндеті тұр. Ол үшін біздің облыста барлық мүмкіндіктер бар. Сондықтан осы айтылған стратегиялық мақсат-міндеттерді өздеріңізбен бірлесіп сапалы атқарамыз деп сенемін, – деді Б.Исабаев сөзінің қорытындысында.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 26 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ «ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ АУМАҚТЫҚ ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ТУРАЛЫ» №13-79 ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Талдықорған қалалық мәслихатының 2024 жылғы «3» қыркүйектегі №24-147 шешіміне қосымша

№	Аты, жөні, тегі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды
№386 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Қайнолла Айнұр Қайноллақызы	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
№390 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Мухаметкаримова Торғын Мырзағалиевна	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
№392 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Карипжанов Нуртай Жастайұлы	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
№393 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Нурғалиева Майя Сайлаубековна	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
№399 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Каденова Сымбат Галиевна	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
№400 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Сеилханов Даулет Базарханович	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
№414 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Кекбаева Шынар Сулеевна	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
2	Болысбекова Марал Жарылқасыновна	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
№417 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Камбарова Клара Алибеккизи	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
№422 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Досыбаева Алма Жайнаровна	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
№423 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Касымбекова Жұлдыз Еркиновна	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
№434 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Дуанаева Асель Сериковна	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
№435 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Базылжанов Айбек Ахметкалиевич	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ
№437 учаскелік сайлау комиссиясы:		
1	Закирова Айнагуль Адылғазыевна	«Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ

О Внесении изменений в решение ТАЛДЫКОРГАНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ОТ 26 ДЕКАБРЯ 2023 ГОДА №13-79 «ОБ ИЗБРАНИИ ЧЛЕНОВ ГОРОДСКОЙ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ И УЧАСТКОВЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИИ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН»

Приложение к решению Талдықорғанського городского маслихата №24-147 от «3» сентября 2024 года

№	Ф.И.О.	От какой партии или общественного объединения выдвинуты
Участковая избирательная комиссия №386:		
1	Қайнолла Айнұр Қайноллақызы	ОО «Алматинское областное славянское движение»
Участковая избирательная комиссия №390:		
1	Мухаметкаримова Торғын Мырзағалиевна	ОО «Алматинское областное славянское движение»
Участковая избирательная комиссия №392:		
1	Карипжанов Нуртай Жастайұлы	ОО «Алматинское областное славянское движение»
Участковая избирательная комиссия №393:		
1	Нурғалиева Майя Сайлаубековна	ОО «Алматинское областное славянское движение»
Участковая избирательная комиссия №399:		
1	Каденова Сымбат Галиевна	ОО «Алматинское областное славянское движение»
Участковая избирательная комиссия №400:		
1	Сеилханов Даулет Базарханович	ОО «Алматинское областное славянское движение»
Участковая избирательная комиссия №414:		
1	Кекбаева Шынар Сулеевна	ОО «Алматинское областное славянское движение»
2	Болысбекова Марал Жарылқасыновна	ОО «Алматинское областное славянское движение»
Участковая избирательная комиссия №417:		
1	Камбарова Клара Алибеккизи	ОО «Алматинское областное славянское движение»
Участковая избирательная комиссия №422:		
1	Досыбаева Алма Жайнаровна	ОО «Алматинское областное славянское движение»
Участковая избирательная комиссия №423:		
1	Касымбекова Жұлдыз Еркиновна	ОО «Алматинское областное славянское движение»
Участковая избирательная комиссия №434:		
1	Дуанаева Асель Сериковна	ОО «Алматинское областное славянское движение»
Участковая избирательная комиссия №435:		
1	Базылжанов Айбек Ахметкалиевич	ОО «Алматинское областное славянское движение»
Участковая избирательная комиссия №437:		
1	Закирова Айнагуль Адылғазыевна	ОО «Алматинское областное славянское движение»

РАБОЧАЯ ПОЕЗДКА МОДЕРНИЗАЦИЯ ПУНКТОВ ПРОПУСКА НА ГРАНИЦЕ

Министр финансов РК Мағи Такиев в ходе рабочей поездки в область Жетісу и Алматинскую область ознакомился с развитием транспортно-логистической отрасли, посетив таможенные посты «Нур Жолы» и «Калжат». МФ РК системно внедряет цифровые сервисы на пропускных пунктах страны. На это обратил внимание Глава государства Касым-Жомарт Токаев в Послании народу Казахстана, поручив завершить в сжатые сроки всю работу по приграничным таможенным постам.



Таможенные посты расположены на границе Казахстана с Китаем. Через автомобильный пункт пропуска «Нур Жолы» проследовало 266,5 тыс. автотранспортных средств. В сравнении с аналогичным периодом прошлого года пропускная способность увеличилась в 2 раза.

Через автомобильный пункт пропуска «Калжат» проследовало около 30 тыс. автотранспорта за 8 месяцев 2024 года. В сравнение с тем же периодом прошлого года пропускная способность выросла на 24%.

В целях развития транзитного потенциала страны и увеличения товарооборота с сопредельными странами, Правительством начата полномасштабная модернизация пунктов пропуска на границе с Китайской Народной Республикой, Республикой Узбекистан и Туркменистаном.

Справочно: в рамках модернизации охвачены 9 автомобильных пунктов пропуска, из них: 5 с КНР («Алаколь», «Калжат», «Майкапчагай», «Бахты»,

«Достык-железнодорожный»), 4 с РУз («Капланбек», «Казыгурт», «Атамекен», «Тажен»), 1 с ТР («Темир-баба») и ГДУ в г. Астана, который объединит в одном месте контроль за прохождением товаров через пункты пропуска.

Модернизация включает в себя строительство новых пунктов пропуска со сносом старой инфраструктуры, которая не соответствовала современным требованиям.

Наряду с модернизацией проводится работа по цифровизации и централизации контроля таможенных постов в Главное диспетчерское управление, которое будет находиться в г. Астана с размещением в нем смежных контролирующих служб, в т.ч. погранслужба.

Изменения позволят улучшить инфраструктуру пунктов пропуска, будут созданы все условия для комфортного прохождения границы и качественного проведения государственных видов контроля, увеличения пропускной способности в 6 раз и сокращения времени прохождения границы до 30 минут путем автоматизации всего цикла перемещения товаров.

Помимо этого, в активной стадии разработки находится новая таможенная информационная система «Кеден», которая станет новой цифровой реальностью в таможенной сфере страны и заменит действующие системы «АСТАНА-1», «Единое окно по экспортно-импортным операциям», «ТАИС-2», «ЦОУ».

Новая система будет представлять собой таможенную экосистему, включающую в себя все этапы таможенных операций и взаимодействия со всеми ее участниками, начиная от ввоза и получения разреше-

тельных документов, заканчивая контролем после выпуска товаров.

Мағи Такиев также ознакомился с деятельностью международного транспортно-логистического центра ТОО «Nur Zholy Customs Service», где осмотрел новые склады временного хранения для негабаритных транспортных средств.

Объединенными усилиями ТОО «Nur Zholy Customs Service» с таможенными и пограничными службами была увеличена площадь международного транспортно-логистического центра, изменена технологическая схема заезда, введен круглосуточный режим работы, обеспечивающий увеличение пропускной способности с 200 до 1 500 грузовых автотранспортных средств в сутки.

Завершено строительство склада временного хранения для негабаритных транспортных средств с привлечением инвесторов на расстоянии 5 км от пункта пропуска, ожидаемое открытие улучшит логистические процессы.

Подписано два меморандума с крупнейшими китайскими компаниями, направленные на оптимизацию транзита и улучшение условий для участников внешнеэкономической деятельности, в том числе по обмену таможенными данными с Китайской Народной Республикой.

Создаются рабочие места и предоставляются социальные гарантии, способствующие развитию региона и улучшению жизни в приграничных районах. Количество рабочих мест увеличилось с 35 до 110.

С привлечением инвесторов на пункте пропуска «Калжат» построена временная объездная дорога для негабаритных транспортных средств, что позволило обработать 328 единиц таких транспортных средств.

В ходе встреч с населением во время рабочей поездки министр отметил, что в своем Послании народу Казахстана Глава государства уделил особое внимание социально-экономическим вопросам. Поэтому одно из важнейших направлений работы МФ РК и Правительства в целом – поддержка социальной сферы. На это в 2025 году будет направлено 9,8 трлн тенге. Статья расходов увеличилась на 794 млрд тенге по отношению к 2024 году.

В 2025 году регионам за счет средств республиканского бюджета будет выделено 7,4 трлн тенге с увеличением на 348 млрд тенге. Средства пойдут на образовательные гранты, обеспечение населения водоснабжением, ремонт теплосетей, газификацию населенных пунктов, ремонт автодорог, поддержку бизнеса.

Пресс-служба
Министерства финансов РК

ПРЯМАЯ РЕЧЬ ВETERАНЫ ТРУДА – НАСТАВНИКИ ДЛЯ МОЛОДЕЖИ

В недавнем Послании Президента народу Казахстана, мне, как ветерану и пенсионеру, отдавшему долгие годы служению интересам страны, импонирует идея продвижения в нашем обществе таких черт характера, как трудолюбие и профессионализм. Именно эти ценности, по словам Касым-Жомарта Токаева, должны быть всегда на первом месте, и именно благодаря специалистам своего дела формируется новое качество нашей нации.

Очень верно сказано: «Не бывает плохой работы, любой труд – в почете». И мы, ветераны труда различных отраслей эко-



номики страны, можем уверенно выступать в роли наставников для молодежи. И пусть не в современных и цифровых технологиях, но в других житейских аспектах можем передать свой опыт и мудрость.

Хотелось бы, чтобы честный и ответственный труд, действительно, оценивался по достоинству. Сегодня много простых людей, чей труд заслуживает почетных званий и наград. Пусть эти награды найдут своих истинных героев!

Азат БОРАНГАЗИЕВ,
ветеран Пограничной
службы КНБ РК

ПОСЛАНИЕ – В ЖИЗНЬ ДЛЯ СЕЛЬЧАН: СТАРТУЕТ ЖИЛИЩНАЯ ПРОГРАММА «ЖЕРҰЙЫҚ»

В своем Послании народу Казахстана от 2023 года Президент Касым-Жомарт Токаев говорил о необходимости перезагрузки деятельности «Отбасы банка», переориентировав фокус с областных центров на районы, моногорода и села. В связи с этим Жетісуский областной филиал АО «Отбасы банк» при поддержке акимата области Жетісу объявил о старте программы «Жерұйық», направленной на приобретение жилья в сельской местности.

Об основных условиях программы рассказал начальник отдела развития бизнеса Жетісуского областного филиала АО «Отбасы банк» Мурат Булегенов.

– Прием заявок по программе проводится с 10 сентября по 9 октября. Сумма займа не должна превышать 15 млн тенге. В случае стоимости жилья больше этой суммы, разница оплачивается вкладчиком за счет собственных средств, – говорит спикер. – Участник программы может получить квартиру на первичном рынке в доме, вводимом в эксплуатацию, или квартиру/частный дом на вторичном рынке. Первоначальный взнос для обеих категорий жилья – 10%, при условии достаточности залогового обеспечения. Ставка вознаграждения по займу – 5%. Максимальный срок предварительного жилищного займа – 8 лет, жилищного займа – 11 лет, общий срок – 19 лет.

Для принятия участия в программе «Жерұйық» у заявителя (если супруги, то участвует только один из них) и постоянно проживающих вместе с ним членов семьи не должно быть в Казахстане жилья на праве собственности, арендного жилья с правом выкупа и доли, а также факта отчуждения в течение последних 5 лет. В случае недостаточности залогового обеспечения должно быть наличие дополнительного залога в виде недвижимого имущества, соответствующего требованиям Банка.

По словам Мурата Булегенова, в программе могут участвовать жители районов и сельских округов области Жетісу. Это педагог в организациях образования, осуществляющие трудовую деятельность в государственных учреждениях и государственных предприятиях, подведомственных акиматам районов (городов), медицинские работники в организациях здравоохранения, государственные служащие и работники правоохранительных органов, осуществляющие трудовую деятельность на территории области, социально уязвимые слои населения и работники аграрного сектора. Граждане должны иметь стаж работы не менее 6 месяцев на последнем месте работы, подтвержденный обязательными пенсионными взносами, и прописку в области Жетісу.

– После окончания приема заявлений акимат проводит расчет по установ-



ленным баллом каждому заявителю, выдает направление и отправляет в Банк списки участников программы. Участник программы в течение 15 рабочих дней, с даты получения направления, обращается в Банк для прохождения квалификации. В случае его неявки в установленный срок Банк на следующий рабочий день направляет электронный список в акимат, который вправе выдать направление следующему по списку участнику, – добавляет сотрудник АО «Отбасы банк».

Необходимый список документов для квалификации: направление с МИО для прохождения квалификации; документ, удостоверяющий личность участника и супруга(-и); свидетельство о заключении/расторжении брака/свидетельство о смерти; свидетельство о рождении детей; справка о заработной плате за последние 6 или 12 месяцев; выписка о пенсионных отчислениях участника и супруга(-и) за последние 6 или 12 месяцев с ЕГОВ; справка о наличии и отсутствии недвижимости по РК. Для участников, являющихся ИП, – выписка с банковского счета за последние 12 месяцев в формате PDF.

Добавим, что желающим принять участие в программе «Жерұйық» не надо спешить развестись, переписать имеющееся жилье на другого человека и так далее, – это не поможет, по словам специалиста, все справки будут проверяться досконально. Не стоит создавать для себя лишние проблемы.

Алма УРАЗАЕВА



ТАЛДЫҚОРҒАНДА ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ АШЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2 қыркүйекте халыққа жолдаған Жолдауында Атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум биылғы 6 қазанда өтетінін атап өтіп, дәл сол күні арнайы қабылданған Жарлыққа қол қойған болатын.

Референдум кең ауқымды жалпыұлттық диалогтың тағы бір айқын көрінісі болмақ. Шын мәнінде, бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекетке» тән сипат екеніне де баса назар аударды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы үшін референдум өткізу стратегиялық маңызға ие. Осы орайда Талдықорған қаласында елдің ең белсенді және беделді азаматтары мен саяси қоғамдық ұйымдары Атом электр стансасын салу туралы халық арасында үгіт-насихат жүргізуі үшін облыстық, қалалық штабқа біріктіріліп, ашылу салтанаты өтті. Осындай халықтық штабтар еліміздің барлық өңірінде құрылды.

Арыстанғали АРЫН,
«Аманат» партиясының Жетісу облыстық филиалының және Халықтық штабтың төрағасы:

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы халыққа арнаған Жолдауында азаматтардың тұрмысын жақсартуды көздеітін жүйелі экономикалық өзгерістерге баса назар аударды. Барлық 9 басымдылық мемлекеттік саясатты дәл осы міндетті орындауға жұмылдырады. Халық арасында қызу талқылауға ие болып жатқан Атом электр стансасын салуға да ерекше мән берді. Осы орайда 6 қазанда халықтық референдум өтетін болды. Қазақстан Парламенті Мәжілісінің төрағасы және «Аманат» партиясының төрағасы Ерлан Жақанұлы Қошанов Атом электр стансасын салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың алғашқы отырысын өткізді. Енді, міне, Жетісу өңіріндегі саяси және қоғамдық ұйымдардың қатысуымен Атом электр стансасын қолдау жөніндегі Халықтық штабтың ашылу рәсімін өткізіп жатырмыз. Штабтың құрамында: облыстық саяси партиялар, Азаматтық альянс, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы, кәсіподақ ұйымдары мен зиялы қауым өкілдері, мәдениет қайраткерлері, үкіметтік емес ұйымдар, «Жастар рухы» және басқа да белсенді азаматтар бар. Біз бірлесіп, сапалы жұмыс атқаратынымызға сенеміз. Әлемнің озық елдерінің тәжірибесі Атом энергетикасының тиімділігі мен қауіпсіздігін айқын дәлелдейді. Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың мәліметі бойынша, қазіргі уақытта әлемде 415 ядролық энергетикалық реакторлар пайдаланылуда. Оған қосымша тағы да 59-ы салынуда. Атом электр стансасының ең көп шоғырланған жері – АҚШ. Онда 94 станса бар екен. Жерінің аумағы бұрынғы біздің Алматы облысы ғана сияқты, Франция мемлекетінде – 56 станса бар. Сол сияқты, өзге де дамыған мемлекеттерде бар немесе салынуда. Көршілес Өзбекстан мемлекеті де атом электр стансасын салып жатқаны белгілі. Қырғыз елі де АЭС салуға байланысты қоғамдық талқылауды бастап кетті. Қазақстан – мұнай мен табиғи газдың ірі өндірісі бола тұра, әрине, жаңа энергия көздеріне мұқтаж. АЭС – бүгінде әлемдегі ең қауіпсіз, әрі ең тиімді энергия көздеріне жататынын халыққа түсіндіріміз қажет.

Гүлнар ТОЙЛЫБАЕВА,
Жетісу облыстық мәслихатының төрайымы, Халықтық штабтың мүшесі:

– Халықтық штабтың құрылғанын құба-құл алдық. Жетісу облысында атқарылып жатқан саяси істердің басы-қасындамыз. Осы жерде өсіп-өніп жатқаннан кейін еліміздің өркендеп, дамығанын қалаймыз. Халықтық штабтың құрамындағы әр адам өз саласын дамытуға барынша күш-жігерін жұмсап жатқан азаматтар. Референдумның дұрыс өтуі, халқымыздың оған біркөксідей жұмыла қатысуы қоғамдық пікірді дұрыс қалыптастыруға байланысты деп ойлаймын. АЭС-бізге қажет деп түсіндіре алсақ, оның Мемлекетіміз үшін, оның болашағы үшін аса маңызды екенін жеткізіміз керек. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, әр азамат жақындырына, ұжымдастарына, еңбеккерлер арасында дұрыс насихаттауы қажет. Біз қазір тарихи шешуші кезеңде тұрмыз. Біздің қолдауымыз – болашаққа салынар сара жол деп ойлаймын. Оның рахатын – балаларымыз, немерелеріміз, ұрпағымыз көреді. Өздеріңізге белгілі күннен-күнге энергия қуатына қажеттілік өсе түседі. Сол энергия көздерін қайдан аламыз? Біз судан, желден, күннің көзінен, көмірден электр энергиясының қуатын

алып отырмыз. Бірақ, олардың қоры шексіз деп айта алмаймыз. Сондықтан да, АЭС болашағымыз үшін керек. Экологиялық жағынан өте тиімді. Тұрақты энергия көзі екенін халық дұрыс түсінсе деймін.

Жомартқали ЖЕКСЕНБИНОВ,
зейнеткер, Халықтық штаб мүшесі:

– Президентіміз әр жылғы Жолдауын елдің бірлігін, адалдығын, болашағын ойлап, арнайды. Біздің Қазақстан гүлденетін мемлекет. Бізде бәрі бар. Қазба байлығымыз жетеді. Енді соны игеретін мықты кадрлар мен экономикасы болуы керек. Экономиканы дамыту үшін мықты электр желілері қажет. АЭС салынуын қолдай отырып, халықты болашақ үшін 6 қазан күні қолдап дауыс беруге шақырамын.

Ерғазы ҚОШАНБЕКОВ,
партия ардагері, Халықтық штаб мүшесі:

– Бүгінде еліміз бойынша талқыланып жатқан өзекті мәселе – АЭС бізге қажет пе, қажет емес пе? Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өткен жылы Жолдауда энергия қуаты үшін шет мемлекеттерге тәуелді болмауымыз керек. Оны өзімізде өндіретін жағдайымыз бар. Сондықтан АЭС салуды референдум арқылы халықтың өзі шешуіне жол береміз деген еді. Соған 1 жыл толды. Биылғы Жолдауында Мемлекет басшысы оған нүкте қойып, 6 қазан күні референдум өткізуге шешім қабылдады. Дамыған, өркендетті халықтардың қатарына қосылуымыз үшін, АЭС керек екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Жалпы Қазақстан Мемлекеті бүгінгі күні саяси науқанға кірісіп кетті. Айтарым, байтақ жеріміз бар, кең пейілді халқымыз бар, АЭС салуға қажетті отынымыз да бар. Сол отынымызды тек шикізат ретінде ғана саудаламай, өзімізде барды ұқсата алуымыз керек. АЭС салудан кейбір адамдар қорқады. Қорқатын ештеңе жоқ. Сол Атом электр стансасын салуға қатысатын кадр мәселесі де шешілген екен. Оған еліміздегі ядролық физика институттарына барғанда көзіміз жетті. Бірі – Курчатова қаласында, екіншісі – Алматыда. Сол институттар Қазақстандағы 4 жоғары оқу орындарымен келісімшарт жасасып, студенттер атом саласында қызмет етуге дайындалып жатыр. Бүгінде еліміз қарқынды даму үстінде. Олар қуат көздерін көмірді, суды пайдалану арқылы алып жатыр. Ол экологиямызға орасан зор қауіп төндірмейді. Жылуымыздың, суымыздың тепе-теңдігіне нұқсан келтірмейді. Су көздері шетелде болғандықтан, оның да болашағы бұлыңғыр. Күннің де, желдің де қуатын өндіру уақытша ғана. Халық оны дұрыс түсінуі керек деп ойлаймын. Әр адам бойындағы қорқыныш сезімін ақылға сыйдырып, 6 қазан күні өтетін референдумға қатысып, оң шешім шығарғаны дұрыс.

Темірболат АХАЖАН,
Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы, Халықтық штаб мүшесі:

– Еліміз үшін аса маңызды науқанға қазақстандықтар жауапкершілікпен қарап, дұрыс шешім қабылдайды деп сенемін. Себебі, еліміздің келешегі жарқын болуы үшін атом электр стансасын салу – қажеттілік. Барша азаматтарды Президентіміздің бастамасын қолдауға шақырамын.

Қазіргі уақытта қоғамдық пікір көшбасшыларының өкілдері, үгіт топтары мен штаб өкілдері Атом электр стансасын салудың маңыздылығы бойынша түсіндіру тренингтерін өткізуді жалғастыруда. Атом электр стансасының құрылысы еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ғана қажетті қадам емес, сондай-ақ, төмен көміртекте экономикаға жаһандық көшу жағдайында елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды факторы болып табылады. Атом электр стансасы Қазақстанға қазіргі энергетикалық мәселелерді шешуге және болашақта тұрақты дамудың негізін жасауға көмектеседі. АЭС жобасы жаңа жұмыс орындарын ашып, станса орналасқан аймақта инфрақұрылымның дамуын ынталандырады. Сарапшы мамандардың айтуынша атом энергетикасы ұзақ мерзімде электр энергетикасы бағасының тұрақты болуына кепілдік береді. Себебі, АЭС 60 жылдан астам уақыт бойы тұрақты энергиямен қамтамасыз етуге қабілетті.

ӘР АЗАМАТ ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАУҒА ҚҰҚЫЛЫ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл 6 қазанда өтетін жалпыұлттық референдумға байланысты, қаладағы қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің басшыларымен және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен арнайы кездесті.



Энергетика және коммуналдық шаруашылық саласында ұзақ уақыт еңбек етіп, тәжірибе жинақтаған Ернат Дүйсенбекұлы, атом электр стансасының елімізге қажет екенін түсіндіріп, жиналған қауымды референдумға қатысып, өз таңдауын жасауға үндеді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ретінде, референдум тақырыбының қоғам талқысына түсуі ел өміріндегі маңызды қадам

екенін айтып, Президент бастамасының энергия тапшылығын түбегейлі жойып, болашағымыздың жарқын болуына жол ашатынын атап өтті. Кездесу барысында Талдықорған қаласының әлеуметтік-экономикалық даму үрдісіне қатысты да сауалдар қойылып, «жабайы сауданы жою», автокөлік жолдарын жөндеу, оқушылар үшін автобус қатынасын реттеу мәселесі де көтерілді.

БЕЙБІТ АТОМНЫҢ ПАЙДАСЫ ШАШ ЕТЕКТЕН

Энергетика министрлігінің болжамдарына сүйенсек, электр энергиясын тұтыну жыл сайын 3 пайызға өсіп келеді. Оған қоса жұмыс істеп тұрған стансалардың 70 пайызы тозған. Мамандар 2025 жылға қарай елімізде электр энергиясын тұтыну 152,4 млрд кВт/сағ құрайтынын айтып, дабыл қағуда. Сондықтан да еліміздің энергетика саласын дамытуға атом электр стансасын салу – ең тиімді қабылданған шешім.



Президент «Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр стансасы туралы да референдумға қатысты да дәл солай болуы керек», дей келе, оны 6 қазанда өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Қазіргі таңда жалпыұлттық референдумның маңыздылығын ел арасында насихаттау үшін Қазақстан бойынша БАҚ, ғаламторда сайттар, әлеуметтік желілер арқылы түсініктемелер беріліп, арнайы топтар құрылып, штабтар күні-түні жұмыс істеуде. Оған қосымша Жетісу облыстық Қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен қоғам белсенділері, БАҚ өкілдері Алматыдағы ядролық физика институтына барып, ғалымдардан өздерін толғандырып жүрген сауалдарына жауап алды. Институттың базалық жұмыстарымен танысты. Осы аптада сапарлап барған БАҚ өкілдері Ядролық физика институтының бас директорының орынбасары Евгений Ермаков қарсы алып, жалпы АЭС жайлы, оның пайдасы туралы ғылыми тұрғыдан жауап берді. Институттың атқарып отырған жұмысы жайлы айтты. Іргетасы 1957 жылы қаланған институт – ядролық физика мен радиациялық

қатты дене физикасы саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зертеулер жүргізіп, ядро-физикалық талдау әдістерін әзірлеуді, ядролық және радиациялық технологияларды әзірлеуді, өнеркәсіп және медицина үшін радиоизотопты өнімдерді өндіруді, атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсетуді жүзеге асырып келеді. Атом саласында қызмет атқаруға қажетті мамандарды еліміздің 4 жоғары оқу орындарымен келісімшарт арқылы дайындауға белсенді қатысады. Біздің тобымызды институттың ССР-Қ атом реакторы орналасқан эксперименттік алаңында қарсы алған бас инженердің орынбасары Жақсылық Тезекбаев оның жұмысымен егжей-тегжейлі таныстырды. ССР-Қ зерттеу реакторы – ядролық және термоядролық реакторларға арналған перспективалық материалдарды радиациялық сынау, медицина мен өнеркәсіп үшін радиоизотоптар алу, әртүрлі материалдардың элементтік құрамын нейтронды белсендіру арқылы талдау және объектілердің ішкі құрылымын зерттеу үшін қолданылатынын атап өтті. Реактор уран 235 отынымен жұмыс істеуде. Жақсылық Тезекбаев төменгі байытылған уран изотопы арқылы қаншама заттар шығарылып отырғанына тоқталып, өндіріс үшін «іспеген» табиғи асыл тастарды тазалап, өңдеу, әртүрлі түске сәулелендіру арқылы шығарылған өнімдерді көрсетіп, қолымызға ұстауға да мүмкіндік берді. «Ядролық реакция жүру барысында реактор нейтрон шоғырын береді. Яғни, осының нәтижесінде заттарды радиациялық тұрғыдан байыта отырып, әртүрлі түске бояймыз. Одан медицина үшін фармацевтикалық дәрі-дәрмектер, атап айтқанда онкологиялық ауруларды емдеуге арналған радиоактивті йод шығарамыз. Радиофармацевтикалық препараты еліміздің медициналық мекемелеріне тұрақты түрде жеткізіліп отырады. Оған шетелдік мамандар да қызығушылық танытып, әріптестік жандана түсуде» - дейді, Жақсылық Құлбайұлы.

Бетті дайындаған
Гүлжанат НҰРШАНОВА

«Өңірдің әлеуеті зор, даму қарқыны жақсы...»

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті

Талдықорған - сүйікті қалам

Тарихы тасқа тұнған еліміздің әр даласы бір шежіре. Жеті өзені тасыған Жетісу жерін Асан қайғы бабамыз көргенде: «Ағашы тұнған жеміс екен, шаруаға жайлы қоныс екен», - дегі мегін болмаса керек. «Шыбық қадаса, шынар шығатын, шыққан тал - орманға, тас - қорғанға айналатын топырағы құнарлы мекен». Шаһарымыз мемлекетіміздің жасампаз саясаты аясында, жан-жақты қолдауы және еңбек ұжымдарының қажырлы еңбегімен күннен-күнге жаңарып, жайнап келеді. Әлеуметтік маңыздағы нысандар да қаланың ажарын одан әрі ашып, тұрғындардың игілігіне берілуде.



Жыл сайын қыркүйек айында шаһарымызда Қала күні мерекесі дәстүрлі түрде аталып өтіледі. Мерейлі мереке аясындағы шаралар жөнінде Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Саятбекұлы және осы шараларды ұйымдастыру жұмысымен айналысар «Advertising media» ЖШС компаниясының директоры Наталья Расторопнова мәлімдеді. «Талдықорған қаласы бүгінде бірлік пен өдеміліктің ордасына айналды. Биылғы жылғы қала күні Талдықорған қала мәртебесін алғанына 80 жыл толу құрметіне арналып, мереке аясында қалыптасқан дәстүр бойынша қала қонақтары мен тұрғындарының құрметіне сән-салтанатына сай мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылатын болады. «Мен талдықорғандықпын» ұранымен өткізілетін шара қала тұрғындарының есінде қалатындай өтетініне сенімдіміз. Қала күнін тойлау бір айға жалғасып, қыркүйектің 28-не дейін аталып өтілмек», - деді Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков. Жалпы өңірімізде 30-ға жуық мерекелік шара жоспарланған. Бұл күндері қала тұрғындары мен қонақтары үшін арнайы мерекелік концерттер, жәрмеңке, көрме, фестиваль, спорттық іс-шаралар, бірқатар нысандардың ашылуы ұйымдастырылады. Негізгі мереке 28-қыркүйекте қаланың орталығынан басталып, «Жастар» саябағында жалғасады. Айта кетейік, мереке күні «Қалаға сыйлық» атты 80 жұптың вальсі, қазақ эстрада жұлдыздары Kalifarniya, Say Mo, Umberto келіп өнер көрсетіп, шара соңы мерекелік от шашумен аяқталмақ.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС КӨЛЕМІ АРТУДА

Қала күні қарсаңында ел игілігіне қызмет етер заманауи үлгідегі 200 орынды «Умные детки» жекеменшік мектебі Білім күні қолданысқа берілген болатын. Дарынды балаларды оқытуға арналған мектеп 1-4 сынып оқушыларына арналған. Жалпы ауданы 2500 мың шаршы метрді құрайтын білім ордасында 40 қала тұрғыны тұрақты жұмыспен қамтылған. Мемлекеттік мектептерден бөлек жекеменшік мектептердің болуы арқылы әрбір ата-ана өз баласының сапалы білім алып, озық жаңа технологияларды игеруіне таңдау жасай алмақ. Сондай-ақ, жекеменшік мектептердің қаламызда ашылуы арқылы инвестиция көзі тартылып, экономиканың

дамуына да оң серпінін тигізбек. Өңірдегі шағын және орта бизнесте өнім мен қызмет көрсету көлемі өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда едәуір ұлғайған. Қала күні қарсаңында қолданысқа берілген жаңа нысанның бірі - айына 140 тонна полиэтилен құбырларын шығаратын «Полимер Рире» кәсіпорны. Талдықорғандық кәсіпкер Нұрдәулет Ақкөз «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы пайыздық мөлшерлемесі субсидияланатын жеңілдетілген несие алған. Осылайша аталмыш салаға жалпы көлемі 106 млн. теңге инвестиция тартылған. «Су, газ желілеріне қажетті диаметрі 15 мм-ден 160 мм-ге дейінгі, ұзындығы тапсырыс берушінің өлшемі бойынша дайындалатын құбырлар шығарамыз. Тауарларымыздың сапасы халықаралық талаптарға сай. Қазір құбыр өндіретін шикізаттарды Иран, Қытай, Ресей елдерінен әкеліп отырымыз. Алдағы уақытта қажетті шикізат шығаратын зауытты өзіміз ашсақ деген ой бар. Бұл мақсатымыз орындалса, өнімнің бағасы арзандап, сұраныстың артатынына сенімдіміз. Жуырда пластмассаны қайта өңдейтін станок әкелуді жоспарлап отырмыз. Ал болашақта полиэтилен пластмассадан жасалатын басқа да өнімдерді шығарсақ дейміз», - дейді «Полимер Рире» ЖШС құрылтайшысы Нұрдәулет Ақкөз. Халық қалаулылары мен тұрғындардың айтуынша Жетісуда газдандыру мен су жүйесін жаңғырту жұмыстарының қарқынды жүріп жатқанына орай мұндай кәсіпорынның ашылуы сапалы отандық материалдарды пайдалану мүмкіндігін арттыратыны сөзсіз.

ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ - СҰЛУЛЫҚ МЕКЕНІ

Мерекеге орай «Әйел әлемі - сұлулық мекені» атты шарада ерекше күтімді қажет ететін балаларды тәрбиелеп отырған

10 анаға сый-құрмет көрсетілді. Аналар бір күндерін өздеріне арнап, «Күнбарша» сұлулық академиясына барып, кәсіби шеберлер аруларға тегін түрде бет әрлеу және шаш үлгісі қызметтерін көрсетті. Аталмыш шараға қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков қатысып, барша нәзік жандылар қауымын келе жатқан қала күнімен құттықтап, гүл шоқтарын тарту етіп, ізгі тілегін білдірді. «Әйелдер қауымы - әрдайым отбасының жылуы, береке-бірлігі. Әр адамның өміріндегі қуанышты әрі жарқын сәттердің көп болуына Сіздер мол үлес қосып келесіздер. Бүгінде әйелдер қауымының отбасындағы, қоғам өміріндегі және мемлекетті жан-жақты дамыту ісіндегі рөлі орасан зор. Әйел барда - әлем бар. Ана деген бір ауыз сөздің астарында қаншама құдірет жатыр. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі де тек аналармен ажарлы»-деп төзім мен балаға деген кіршіксіз махаббаттары үшін шынайы алғысын айтты.

ОТБАСЫМ - БАҚЫТ МЕКЕНІМ

«Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер» туралы Жарлыққа

өзгеріс енгізіліп, «Отбасы күні» қыркүйек айының екінші жексенбісіне белгіленген еді. Мерекенің негізгі идеясы - ұлттық және отбасылық құндылықтарды дәріптеу, отбасы мен неке ұғымдарына сүйіспеншілік тудыру, отбасы институтын нығайту, шаңырақтағы ұлттық құндылықтарды насихаттау, ұрпақтардың әлеуметтік және мәдени сабақтастығын қамтамасыз ету.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әрбір адам үшін ұшқан ұясының орны бөлек. Өскелең ұрпақтың отбасында тәлім-тәрбие алып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруі өте маңызды. «Отан отбасынан басталады» деп бекер айтылмаған. Салт-дәстүрге құрмет те, туған елге сүйіспеншілік те қасиетті қара шаңырақтан бастау алады», - деп мерейлі күннің маңазын атап өткен болатын. Талдықорған қаласында да осы мереке қарсаңында түрлі іс-шаралар өткізілді. Солардың бірі - мәдениет, білім және денсаулық саласында қызмет етіп жүрген, бір шаңырақ астында шағын мемлекет құрған ерлі-зайыптыларға құрмет көрсетіліп, марапатталды. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасын нығайту, отбасы құндылығын дәріптеу мақсатында «Аналар» және «Әкелер» форумы ұйымдастырылып, «Отбасым - бақыт мекенім» атты мерекелік концертпен жалғасты. Аталған кеште отбасылық жұптар, мәдениет қызметкерлері және «Талдықорған әуендері» халықтық, фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблі өнер көрсетіп, Талдықорған гарнизоны әскери бөлімдерінің қызметкерлері «Әкем, анам және мен» атты отбасылық жарыста бақ сынасты. Ұйымдастырылған шараның ең ерекшесі 80-ге таяған Нұрғайып ақсақалдың жарымен бірге ұзақ жылдар бойы бір шаңырақ астында бақытты, тату-тәтті өмір сүрудің құндылықтарымен бөлісіп, «Ұрпақтар сабақтастығы - ұлт ұйытқысы» атты кездесу ұйымдастырылды. Сонымен қатар, жастар арасында «Мықты отбасы - мықты мемлекеттің кепілі» тақырыбы аясында пікір-сайыс турнирі, «Отбасы - адамгершіліктің алтын қазынасы» атты тәрбие сағаты, үлгілі отбасылар арасында «Татулық жарасқан отбасы» атты кездесу кеші, үстел теннисінен қала чемпионаты өткізілді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА



* БАРШАҢЫЗДЫ ШАҚЫРАМЫЗ!

Баршаңызды айтулы мерекеге - 80 жасқа толған Талдықорған қаласының күніне шақырамыз!



сағат 11:00-ден 22:00-ге дейін



«Жастар» саябағы

Мерекеге көптеген түрлі-түсті шоу-бағдарламалар мен жұлдыздардың қойылымдары болады. Атап айтқанда:

- 1) Мерекенің хедлайнерлері: Say Mo, Kalifarniya.
- 2) Үлкен шарлар - аэростаттарда серуендеу.
- 3) Үлкен батуттары бар, балалар ойын алаңы.
- 4) Балаларға арналған шеберлік сабақтары (бет бояу, жапсырма және т.б.).
- 5) Аниматорлармен және шынайы өлшемдегі қуыршақтармен шоу.
- 6) Белсенділік аймағы (твистер, үлкен шарлар, Дженга, күш өлшегіш және т.б.).
- 7) Спорт алаңы (дәстүрлі спорт түрлері).
- 8) Ерекше оқиға.

Бұл осы айтулы мерекеге жоспарланғанның аз ғана бөлігі! Бүкіл отбасыңызбен, балаларыңызбен, достарыңызбен және туыстарыңызбен көңіл көтеріңіз.



ВОПРОСЫ И ОТВЕТЫ О СТРОИТЕЛЬСТВЕ АЭС

БЕЗОПАСНОСТЬ

1. Насколько безопасны АЭС? Что если произойдет авария, как в Чернобыле или Фукусиме?

Современные АЭС значительно безопаснее, чем станции предыдущих поколений. Многоуровневые системы безопасности, строгие международные стандарты и передовые технологии минимизируют риск аварий.

Усовершенствованная конструкция реакторов. Реакторы современных АЭС обладают пассивными системами безопасности, которые срабатывают автоматически при возникновении нештатной ситуации, даже без вмешательства оператора.

Защитная оболочка. Реактор окружен прочной защитной оболочкой, способной выдержать значительные внутренние и внешние воздействия, предотвращая утечку радиоактивных веществ в окружающую среду.

